

*Берденова У.Қ.*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 1-курс магистранты,  
Қарағанды қаласы*

*(Ғылыми жетекші: А.И. Бирманова, Phd докторы, қауымдастырылған профессор ҚарУ,  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы)*

## **ҚҰҚЫҚТЫҚ НИГИЛИЗМ: СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ**

Мықты, нәтижелі, бәсекеге қабілетті демократиялық құқықтық мемлекет құру – халықаралық-құқықтық бағдарларға негізделген, басқа елдердің оң тәжірбиесін, сонымен қатар Қазақстанның бүгінгі және келешек ұрпақтың ерекшеліктері мен мүдделерін ескеретін, алдында қойған міндеттерінің деңгейіне және күрделілігіне сәйкес конституциялық-құқықтық дәрежесін нығайту және жүйелі іс асырылуының алғышарты.

Алайда, ҚР Конституциясымен жария етілген осы және басқа да гуманистік идеяларды тәжірибе жүзінде іске асыруға әртүрлі теріс жағдайлар мен ауытқушылықтар кедергі келтіреді, солардың бірі – құқықтық (немесе заңдық) нигилизм болып табылады. Нәтижесінде дәл осының әсері Қазақстандағы демократиялық реформалардың жүргізілуіне тежеу бола алады.

Заманауи жағдайда нигилизм қоғамның әртүрлі салаларында кең таралып отыр. Саяси өмірде ол демократиялық идеалдар мен құндылықтарды теріске шығару арқылы көрініс тауып отыр. Әдебиеттерде, публицистикада және тарихта бұдан бұрынғы даму тәжірбиесіне теріс қарым-қатынас, тарихты «қайта жазу» немесе оны бір өлшемдегі, теріс бейнеде ұсынып көрсету арқылы танылады. Нигилизм көрінісінің бірі бұқаралық субмәдениеттердің таралуы болып табылады. Мұның барлығы, сөзсіз құқықтық ортаны түрлендіреді және оның таралуына ықпал етеді [1;96].

Құқықтық нигилизмді әлеуметтік-мәдени және құқықтық құбылыс ретінде зерттеу, оның қоғам мен құқықтық жүйеге негізгі себептері мен салдарын анықтау және оның әсерін төмендету жолдарын ұсыну.

Құқықтық нигилизм ұғымын анықтаңыз, құқық теориясы мен әлеуметтанудағы құқықтық нигилизмнің әртүрлі анықтамалары мен тәсілдерін талдау, қоғамдағы құқықтық нигилизмнің қалыптасуына ықпал ететін тарихи, экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторларды қарастыру.

Құқықтық нигилизм «құқықтық немқұрайлылық» деп қарастырылатын термин. Ол азаматтардың әлеуметтік өміріндегі заң мен құқықтардың маңызын теріске шығару дегенді білдіреді. Әсіресе, құқықтық актілерді білмеу, өзгерістерден хабарсыз болу, саналы түрде оларды бұзу сияқты жағдайларда көрініс табады [2;32]. Құқықтық нигилизм – біздің уақытымызда барынша дамыған, жалпы алғанда құқықтық санаға әсер етуші, құқықты теріске шығарушы және заңгерлік фетишизм, құқықтық идеализм және құқықтық жетілмегендікпен салыстырғанда жоғары қоғамдық қауіп дәрежесі бар деструктивті жағдай.

Күнделікті өмірде адамдар көбінесе құқықтық нигилизмнің түрлі көріністеріне тап болады. Құқықтық нигилизм тақырыбы жұрттың үнемі естуінде, баспасөз беттерінен, теледидар экрандарынан шықпайды. Құқықтық нигилизм жалпы тұрғыда құқықты теріске шығаруды немесе толық бағаламауды білдіреді. Ал ол заңгерлік, құқықтық сананың жетілмегендігімен, саяси-құқықтық мәдениеттің тапшылығымен қоректенеді. «Нигилизм» жалпы алғанда (латын тілінен аударғанда nihil-ештеңе) субъектінің (топтардың, қоғамның) белгілі бір құндылықтарға, нормаларға, көзқарастарға, кейде тіпті адамзаттық болмыстың барлық жақтарына деген теріс қарым-қатынасын білдіреді [3;30].

Біз жоғарыда аталған жағдайларды, қазақстандықтарға тән мысалдарды қарастырдық, олардың барлығы құқықтық нигилизмге байланысты. Қазақстандағы құқықтық нигилизм - саяси үдерістегі деформацияланған құқықтық сананың және халықтың құқықтық мәдениетінің бір түрі.

Құқықтық нигилизмнің күнделікті және теориялық деңгейдегі көрінісі жалпы қоғамның дамуы үшін теріс салдарлар туындатады, бірақ барынша қауіптісі бұл құбылыстың кәсіби деңгейде көрінуі және әсіресе оның субъектілері (қолданушылары) құқық қорғау органдарының қызметкерлері болып табылса. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық нигилизмі олардың түп тамырында олардың билік құзыретін пайдаланып өз қызметін атқару барысында іске асырылатын нигилистік-құқықтық стереотиптер мен нұсқаулар жатқан құқыққа қарсы әрекетінен танылады [4;195].

Құқықтық нигилизмде онда бұрын болмаған жаңа сапалық қасиеттер пайда болды. Оның табиғаты, себептері, ықпал ету арналары өзгерді. Ол қоғамның барлық саңылауларын толтырды, жалпылама, қуатты сипатқа ие болды.

Әлеуметтік құбылыс ретінде нигилизм:

а) жалпылама қабылданған объективті (абсолютті) құндылықтарға деген кесімді сыни, аса теріс қатынаспен реттейді;

ә) теріске шығарудың максималистік жолымен, қарқындылығымен, ымырасыздығымен;

б) позитивті бағдарламасының жоқтығымен;

в) деструктивті, бүлдірушілік бастауының болуымен сипатталады [5;58].

Мектеп жасынан бастап балаларға олардың өз мемлекетінің азаматы екенін, олардың өмірі осы мемлекеттің заңдарымен реттелетіні және олар өз әрекеттері үшін жауаптылықта болатыны туралы түсініктеме берілуі тиіс. Бала кезден бастап өмірге деген, адамгершілік ұстанымдарына деген көзқарас, қоғамдағы болашақ әдеп негіздері қалыптасады. Балаға дұрыс және уақытылы құқықтық тәрбие беру өмірлік қиындықтарға заңдар мен адамгершілік ұстанымдарын аттап өтпей қарсы тұра алатын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді [6].

Аталған мәселе ғылыми тұрғыда да жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Ал оны зерттеуге қажеттілік әлдеқашан туындаған, себебі аталған әлеуметтік-құқықтық феномендер тәжірибелік өмір мен адамдар санасында, саясат, мәдениет, заң шығармашылық, мемлекеттік және қоғамдық қызмет салаларында, заңгерлер арасында кеңінен таралған. Студенттер бұл жағымсыз құбылыстардың мәні, олардың зиян келтіруі, себептері, көрініс табу нысандары және оларды жою жолдары туралы хабардар болуы тиіс. Қазіргі заманда қоғам көптеген қарама-қайшылықтармен сипатталады.

Негізінен мемлекет азаматтық қоғамды қорғайтын демократиялық қоғамда жатсыну болмауы тиіс. Себебі қоғам мемлекетке өзінің кейбір жауапкершіліктерін тапсырып отыр. «Мейірімділікті ақтау» атты еңбегінде В. Соловьев былай деп жазды: «Әрбір еркін адам азамат болып табылады, мемлекеттің қауіпсіздігін қорғайтын мемлекеттің бір мүшесі; сондықтан оның қандайда бір құқығына қол сұғу мемлекеттік билік тарапынан адамның өз құқығына қол соғу болып қабылданады». Дәл осы ойды философ қылмыстық құқық контекстінде де еске алады: «Қандай да болмасын тұлғаға, мүлікке қарсы жасалған зорлықтар жекеленген реніштер ретінде емес, мемлекеттің заңын бұзушылар, сондықтан да қарымтасын мемлекеттің өзінен алатындар болып саналады» [7;104].

Осылайша, нигилизм – бұл, ең алдымен, жалпыға ортақ құндылықтарды, идеалдарды, қоғамдық нормаларды, мәдениет нормаларын және қоғамдық өмір қалыптарын жоққа шығару. Сәйкесінше, ол қандай құндылықтардың жоққа шығарылуына және сенімнен тыс болуына, білім мен әлеуметтік тәжірибенің қай саласы туралы мәселе қозғалып отырғанына қарай нигилизм көп қырлы, ол адамгершіліктік, құқықтық, идеологиялық, діни бола алады. Нигилизм көбінесе бірден көптеген белгілерімен көрініс береді: ғылымда, мәдениетте, әдепте, дінде, саясатта, экономикада. Бұл ол танылатын көптеген әртүрлі қырлары арасындағы айқын шекаралардың жоқтығын растайды. Дәстүрлі түсінік бойынша нигилизм деструктивті, әлеуметтік зиянды құбылыс деп қабылданады. Құқықтық нигилизмді зерттеп, оның танылуының көздері мен бастауларын қарастырып, бұл құбылыстың мемлекеттік билік тармақтарында және халық арасында шектеуі жоқ екеніне, сондықтан жүгенсіздік деп аталатынына, оның көріністерін барлық жерде тануға болатынына көз жеткіздік. Онымен қарапайым әдістермен күресу аз нәтиже береді және өнімсіз, терең ойластырылған, экстра бірегей шаралар қажет. Қарқынды өсіп жатқан қылмысқа мемлекеттік құрылымдар

қызметіндегі ұйымдастырушылық-құқықтық өзгерістерді ғана қарсы қоймай (әсіресе құқыққорғау орандарының қызметінде), сонымен бірге құқықтық тәрбиені жақсарту, құқықтық сананың бұрмалануын жеңу үшін құқықтық мәдениет деңгейін көтеру шараларын да ойластыру керек. Алайда, анық болып тұрғаны сол, құқықтық нигилизмді бір сәтте жою мүмкін емес. Бұл қиын және ұзақ үрдіс.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1 Пронина К.Ю. Правовой нигилизм как индикатор гражданско-правовой активности // Актуальные проблемы государства и права. - 2017. - Т. 1. - № 3-4. - С. 32-40.

2 Новиков А.И. Нигилизм и нигилисты: опыт критической характеристики.-Л.: Лениздат.1972. -296 с.

3 Зарубаева Е.Ю. Правопонимание и правосознание как элементы правовой культуры: общее и особенное // История государства и права. - 2018. - № 10. - С. 15-21.

4 Сидорова Т.А. Содержание этического нигилизма в современном обществе // Вестник НГУЭУ. - 2009. - № 1. - С. 195-204.

5 Белкин В.В. Проблема правового нигилизма в современной науке // Новые идеи в философии. - 2015. - № 2 (23). - С. 58-64.

6 Профилактика правового нигилизма Казахстанского общества путем правового воспитания несовершеннолетних. – Қолжетімділік тәртібі: <https://www.zakon.kz/-profilaktika-pravovogo-nigilizma.html>

7 Кумыкова Л.Г. Правовой нигилизм в сфере прав человека как форма деформации правового сознания: Дис...канд. юрид. наук. – 12.00.01 Нальчик, 2006. 189 с.

*Берікбай А.О.*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң факультеті*

*Ю-23-1к тобының студенті*

*(Ғылыми жетекшісі – з.ғ.м., аға оқытушы Байжанова Гулзира Төлепбергенқызы)*

## **ЗАҢ ШЫҒАРУ БАСТАМАСЫ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ ОЙЛАР**

Мақалада отандық құқықшығармашылық үрдісінің бастапқы сатысының бүгінгі таңдағы келелі мәселелері, соның ішінде заң жобасының мемлекеттік тілде дайындалуының кейбір сұрақтары қарастырылады. Мемлекеттік тілді заңның тілі ретінде қалыптастыру басты қағида ретінде танылған.

Кез-келген мемлекеттің егемендігінің айқын айғағы оның мемлекеттік тілі болғандықтан, осы тұрғыдан заңдардың сапалылығы да бейжай қарайтын мәселе емес екендігі баршамызға мәлім. Қазіргі таңда отандық құқықшығармашылық үрдісінде негізгі құқықтық актілер заң талаптарына сай екі тілде дайындалуы қажеттілігіне қарамастан, басым түрде ресми тілде дайындалатындығы ешкімге таң емес. Нәтижесінде дайын заң жобасы немесе өзге құқықтық акт жобасы ресми тілден мемлекеттік тілге аударылып жатады. Тақырыптың өзектілігі заңнамалық актілердің мәтінін мемлекеттік тілге аудару сапасына қатысты, заңдық техникамен байланысты келеңсіз мәселелердің тәжірибеде өте жиі кездесуімен байланысты. Қазақстандық құқықшығармашылық үрдісінде нормативті актілердің қазақ тіліне дұрыс аударылмауы салдарынан, тек заң қызметкерлері ғана емес, құқықтық пәндерден білім беруші оқытушылар, жалпы құқық нормаларын тиісті қажеттілігіне сәйкес пайдаланушы тұлғалар күнделікті тәжірибеде заңдық терминдерді қолданудың проблемаларымен жиі кездесуде. Сапасыз, түсініксіз жазылған заңдар практикада қолдану қиыншылығын тудырады. Заң мәтіні тікелей аударылғандықтан, заңдық терминдердің мағынасы өзгереді, жалпыға танымал заңдық терминдер қазақ тілінде бірнеше мағынаға ие болып, қолдану аясы кеңейеді. Бұндай жағдайлар құқық нормаларын жеткіліксіз